

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 71-75.

ӘОЖ 9.929

ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

*Сейтжанова Н., 1 курс студенті
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ.*

Тоталитарлық жүйе тұсында тіліміз бен діліміз ғана емес, сондай –ақ халқымыздың тарихы мен әдебиеті, мәдениеті қиянатқа ұшырағаны мәлім. Қазақ көшпелі болды, онда «қала мәдениеті болған жоқ» деген пікір үстемдік етті. Соның салдарынан болар, күні кешеге дейін барымыздан жоғымыз, тапқанымыздан жоғалтқанымыз көбірек болды.

«Қазақстанда Өзбекәлінің қолы тимеген тас жоқ» деген екен қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаев. Осы бір астарлы сөзде үлкен мән бар секілді. Тарихымызды, этнографиямызды, мәдениетімізді тұтасымен алып, Өзбекәлі ағамыздай тереңдетіп зерттеген жан бар ма екен. Сол құнды әрі ғылыми еңбектеріне ден қойған сайын, бүгін «мәдени мұра» деп ат қойып, айдар таққан үлкен әрі маңызды істің негізін сол кісі салғандай сезіледі.

Өзбекәлі Жәнібеков қай қызметте болмасын, Қазақстан комсомол жастарының басшысы, Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы, мәдениет министрі, Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің хатшысы ретінде ол кісі өшпес өнеге, сөнбес шырақ жағып кеткен, ата-бабаларымызды сыйлауды үйреткен. Ол кісінің еңбегінің арқасында ұмытыла бастаған әулие бабаларымыз, шежіре мен аңызға айналған қасиетті мекендер мен шаһарлар халқымыздың жадына қайта оралды.

Өзбекәлі ағамыз 1938 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп табалдырығын аттайды. Ол кезде балаларды дайындығына қарай алғашқы жылы екіге бөліп оқытатын болған. Отбасында дұрыс тәрбие алғандар деп есептелінетіндер (олар әдетте ауқатты адамдардың балалары болған) 1-сыныпқа өтілетін. Ал жөнді тамақтанбаған, киімі нашар, жарым-жақыбайларың балалары сабаққа алынатын да оқу жылы аяқталғанда үлгергендері 1-сыныпқа өткізілетін. Сол жылы мұндай тәртіп педагогикаға сай келмейді деп танылып бұл жүйе алынып тасталды [1].

Соғыс жылдары балалар өздері оқуды тастап кеткенде Өзбекәлі тастамай оқи береді. Жеті жылдық мектепте М. Рақымбаев деген жалғыз мұғалім сабақ береді. Соғыс аяқтала бергенде мүгедек болған басқа да мұғалімдер майданнан қайта оралып, мектептің көркі кіре бастады.

Сол жылдары оның балалық жүрегін тербеткен жәйт болды. Ол немістер басып алған жерлерден уақытша қоныс аударып, бізге келгендермен

қарым-қатынасқа байланысты еді. Ол кезде қазақ арасында «эвакуация» деген сөз пайдаланылмайтын. Оның орнына «туыстар» деген түсінік кеңінен тараған еді. «Әне туыстар келе жатыр, туыстарға берейік, туыстар жесін», - деп жұрт дабырласып жататын [2].

1945 жылдың күзінде жеті жылдық мектепті бітіріп, аудан орталығы Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектептің 8-сыныбына қабылданып, осы аталған мектепті 1948 жылы бітіріп шығады. Өзбекәлінің балалық ой елесінде қалған, алып тұлға болды. Ол әйгілі халық ақыны Айтбай Белгібайұлы еді.

Өзбекәлінің мұғалімдік қызметі Қазақстанның Өзбекстанмен шектесетін қиыр оңтүстіктегі Келес ауданының «Ленин жолы» орта мектебінде басталды. Оның мұғалімдік қызметті үш жыл атқарып, осы жылдарда оның байқағаны ұстаздық етуге бел байлаған адамның үйретуден жалыға қоймайтыны еді.

1955 жылы тамыз айында Өзбекәлі Жәнібеков аудандық партия комитетінің штаттағы насихатшысы қызметіне ұсынылады. Аудандық комитетте насихатшы болып істеген сол бір үш айдың ішінде тағы бір жоғарғы оқу орнын бітіргендей болды. Бұл оның идеология саласындағы алғашқы аттаған қадамы болатын.

1955 жылдың қараша айында Келес аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып сайланады. Қызметке келген күннен бастап, ең алдымен жастарды нақтылы істерге жұмылдыру жағынан, яғни жастарды, елді мекендерді көгалдандыруға, олардың санитарлық тазалығын сақтауға, көркемөнерпаздыққа, спортпен шұғылдануға, тағысын-тағыларға қатыстыра түсу үшін аудан бойынша мәдениет эстафетасын өткізу көзделеді.

Мәдениет эстафетасына қатысушы әрбір комсомол ұйымдары жоғары нәтиже беріп отырды. Жастар ісі жөніндегі жұмысты жүйелеу мақсатымен оларды техниканы игеруге, еңбек өнімділігін арттыруға, ырзыққа тырмысуға ынталандыру үшін нақтылы шаралар белгіленді. Комсомол жастар бригадасының, звенолардың, мақта теретін агрегаттарды жүргізушілердің беделі арта бастады. Еңбек тәртібін нығайтудың жолдарын қарастыра отырып, отыз жасқа дейінгілердің аудан мекемелері мен шаруашылықтарында тек комсомол ұйымдары арқылы жұмысқа қабылданатыны немесе шығарылатыны келісілді. Мұның өзі жастарды өндіріс орындарында тұрақтандыруға, комсомолдағы есеп-қисап жұмысын реттеуге әсерін тигізді. Комсомол жастарының мазмұны жақсара түсті. Кемшіліктерді ортаға салу үшін «Крокодил ауданды аралауда», «Айырды бүйірден» сияқты әзіл-оспақ листоктары шығарылып тұрды. Арнайы мәдени үгіт бригадасын жасақтады.

Облыстық комсомол комитетінде әуелде хатшы, кейіннен бірінші хатшы болып істеген яғни 50-жылдарды өрістей бастаған комсомол ұйымдарындағы ынталылық пен іскерлікті дамыту қозғалысымен тұстас келген еді. Негізгі мақсат жастарды нақтылы істерде тәрбиелеуде, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыра түсу болатын. Бұл әрбір комсомол ұйымында үлкенді кішілі істер болуын қамтамасыз еткенде ғана

нәтижелі болатын бағыт еді. Мұны әсіресе 1957 жылы жастар мен студенттердің Мәскеуде өтілетін дүниежүзілік фестиваліне дайындық үстінде жастар арасындағы кеңінен дамыған шығармашылық пен іскерліктен көруге болатын еді. Жақсылық хабарлар облыстың тұс-тұсынан келіп жатты. Олар көбінесе мынадай мазмұнда болатын. «Ауылда фестиваль өткізілді», «жастар клубы ашылды», «ардагерлермен кездестік», «саябақ отырғыздық», «Ташкент облысымен шекарада достық кездесу болды», «спорт мектебі жұмыс істей бастады» және сол сияқты [3].

Бір айта кететін жайт, ол кезде Оңтүстік Қазақстан облысында Қазақстанның Оқу министрлігіне, Алматыдағы Теміржол басқармасына, Республикалық әлеуметтік қамсыздандыру министрлігіне қарайтын негізінен ата-анасынан айырылып жетім қалған немесе тұқым қуалайтын мүгедектікке тап болған жасөспірімдер тәрбиеленетін балалар үйі мен оған теңгерілген қосалқы интернаттар болатын. Мұның өзі оларды қамқорлыққа алған комсомол комитеттеріне, тіптен облыстық комсомол комитетінің тікелей өзіне айрықша міндет артатын.

Комсомол және пионер ұйымдары облыстағы тарихи орындарға қамқорлығын күшейте түсті, жаңадан саябақтар, достық аллеяларын, гүлзарлар отырғызуға қатысты. 50-жылдары Бетпақдаланы одан әрі игеру, Шардара су бөгетін, Арыс-Түркістан каналын салу, Шымкент цемент зауытын тұрғызу қолға алынды. Екінші комсомол құрылыстары болып жарияланған осындай ірі объектілердің бірде біреуін жастардың қатысуынсыз іске қосу мүмкін емес екені комсомол комитеттеріне қосымша жүктелген еді. Бетпақдаланың Иіржар алқабын мелиоративтік және су шаруашылық жағынан игеру Қазақстанның үлесіне тиген болатын. Осындай құрылысты жүргізетін бас мекеме «Казирголстепстрой» тресімен бірлесе отыра, кең ауқымды іс-шаралары жүргізілді, яғни өзге республикаларда орналасқан жабдықтаушы кәсіпорындармен, мекемелермен, әсіресе, олардағы комсомол ұйымдарымен тығыз байланыс жасау үшін көп күш салынды.

Жастар ұйымында жұмыс жасаған жылдары-ақ оның терең білімі мен туған халқының тарихына, ұлттық мәдениетіне, қайталанбас салт-дәстүрлеріне, ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілігі ерекше көзге түсетін. Ол қазақтың ұлттық символдарындай еді.

1988 жылы 9 ақпанда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне хатшы болып сайланды.

Бұл мезет партия басшылығының ойдағыдай болып шыға қоймаған «қайта құрудың» экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық-саяси өмірдегі келеңсіздіктерін реттеудің жолдарын қарастыра бастаған «митингтік демократияның» өрістей түскен кезі еді. Экономиканы басқарудағы тұрақсыздықтың, табыстағы тиянақсыздықтың кеңестік қоғамның негізін сілкілеуге бірте-бірте алып бара жатқанын айқындай бастаған болатын [4].

Ол тарихи мәңгірттікке қарсы ғылым, мәдениет пен өнер саласында жүргізілетін жұмысқа тоқтала келе, Орталық Комитеттің кезінде тарихқа, әдебиет пен өнерге қатысты пайымдауда үлкен өрескел қателіктер

жіберілгені, жекелеген ғылым мен өнер қайраткерлерінің шығармашылықтарына қисынсыз теріс баға берген 30-40 жылдардағы және 50-жылдардың басындағы өзі шығарған қаулы-қарарларға қайта оралуды қарастарды.

Өзбекәлі Жәнібеков 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне хатшы болып сайланғаннан кейін, ел басынан тарихи оқиғаларға, әдебиет пен өнерге, жекелеген қайраткерлерге қатысты мәселелерді пайымдауға өрескел қателіктер жіберген қаулы-қарарларды қайта қарау жөнінде ұсыныс жасауына тура келді.

Орталық Комитеттің арнаулы комиссия құрып шығарған немесе бұрынғы өлкелік партия комитеті қабылдаған әдебиет пен өнер дамуына кейбір мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығына теріс баға берген құжаттардың күшін жоюды қажет етті. Құрылған комиссияға Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтардың ісін қарауды тапсырды. Бұл тек үш жазушыны ақтап алуда ғана емес солар қатысқан бүкіл Алаш қозғалысын Алаш Орда үкіметінің қызметін жаңаша бағалаумен байланысты пікірге тіреліп тұрды[5]. Ол осы мәселені көтере отырып олардың ісінен ұлтшылдық көре алмайтынын, ал аталған ақын-жазушылардың шығармалары мен саяси өмірін анықтап қарау қажеттігін басып айтты. Аталған азаматтардың барлығы ақталып шықты.

Өзбекәлі Жәнібековтің Орталық Комитетте істеген кезі Қазақстан үшін ең бір ауыр жылдар болды. Республика басшылары өзгеріп, Д. А. Қонаевтың орнына В. Колбин келген. Желтоқсан оқиғасы өткен, мұның бәрі жаңа басшы мен Орталықтың қазақтарға деген көзқарасын өзгерткен «Қазақ ұлтшылдығы» туралы қаулы шыққан. Бір жағынан, орталық пен басшының осындай көзқарасы, екінші жағынан, өрлеп келе жатқан демократиялық талаптар халық санасының көтеріліп, ұлт мүддесі үшін күрестің басталуы оны екі оттың ортасына қойды. Ол қиналып жүріп қызмет істеді. Бірақ халқын да, ұлт мүддесін де сатқан жоқ, істің пайдалы жолын таба білді.

Қазақ тілінің күні қайта туа бастаған шақта оның биік мәртебесі үшін Өзбекәлі Жәнібековтің күрескені қалың қазақтың жадында. Ол шын мәнінде қазақ мәдениетінің алып тұлғасы, білгірі еді.

Өзбекәлі Жәнібеков республикада Наурыз мейрамының өткізіліп, қайта қалпына келтірілуіне де үлкен еңбек сіңірді.

Наурыз мейрамы шығыс елдерінің көпшілігінде ислам діні қабылданғаннан жүздеген жылдар бұрын пайда болған, оны егіншілер де, малшылар да өткізген. Кейбір деректерге қарағанда наурыз ежелгі гректерде, шығыстық славяндарда, басқа да қауымдастықтарда әртүрлі атпен белгілі болған. Қазақ арасында Наурыз «Жыл басы – жаңа күн» - Ұлыстың ұлы күні ретінде көне заманнан 1926 жылға дейін тойланып келген. 20-жылдардың шолақ белсенділерінің саяси «қырағыларының» салдарынан діни мереке-мыс деген сылтаумен наурыздың 62 жыл бойы атаусыз қалғаны қай жағынан алғанда да қиянат еді. Тіпті оған діни сипат берудің де қисыны жоқ болатын. Наурыздың қайта тіріліп, жаңғырып, халқымен қауышуына қазақтың біртуар тұлғасы Өзбекәлі Жәнібековтың сіңірген еңбегі зор.

Ал 1989 жылы Наурыз мейрамы Қазақстанның барлық облыстарында бірдей аталды. Әсіресе Алматыда, Жетісу өңірінде, Оңтүстік Қазақстанда, Сыр бойында, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар облыстарында елдің есінде қаларлықтай қызығы мол, өрісі кең, жалпылық сипатта болды.

Наурыз мейрамы арамызға осылайша қайтадан келген еді. Кейіннен ежелден белгілі есеп бойынша күн мен түннің көктемгі теңесер тұсы – 22-наурыз Президент Н.Назарбаевтың жарлығымен халық мейрамы болып жарияланды.

Наурыздың негізгі мақсаты – жұрттың бойында имандылық, жаңару, жасампаздық сезімін ояту, жастарды үлкенге ізетті, кішіге ілтипатты баулу. Наурызды тек жылда бір рет жиналып көңіл көтеретін, демалатын уақыт деп қарауға болмайды. Ол халықтың жігерін тасытатын, қайратын арттыратын, ұлттық сана-сезімін оятатын құбылыс. Наурызды қастерлеу – баршамызға бірдей ортақ міндет.

Санкт-Петербургтағы Эрмитаждан Тайқазанды алдыртудың машақаттары да аз болған жоқ. Өзбекәлі мемлекетаралық құжаттарды мұқият дайындатты. Ресей жағынан оны мойындамасқа лажы қалмады. Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қозғау салуымен Тайқазан қайтарылатын болды. Өзбекәлі Тайқазан Түркістанға жеткенше, кесене ішін әрі-бері есептеп: «Тап мына жерге, биік тұғырдың үстіне қондырылуы керек», -деп қазіргі тұрған орнын белгілеп дайындатты [6]. Тайқазанмен бірге елімізге береке келгендей, төбеміз көкке жеткендей қуандық.

Тайқазанды әкелу идеясы – Өзбекәлі Жәнібеков, қолдаған Нұрсұлтан Назарбаев болды.

Ө. Жәнібеков қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына елеулі үлес қосты. Оның бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылды, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамы құрылды. Ол «Шертер», «Адырна», «Алтынай» т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты.

Қорыта айтқанда, көрнекті мемлекет қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты, ел тарихындағы ең даңқты Мәдениет министрлерінің бірі Өзбекәлі Жәнібековті бір өзі бір жоғарғы оқу орнындай болған, қазақ руханияты мен мәдениетін дамытудағы еңбек жолын Ахмет Байтұрсынұлының ұлт ағарту ісіндегі сара жолына ұқсатуға болады. Алаш көсемінің қазақ зейінін ғылым-білімге бұру үшін тұтас бір ғылыми институт атқаратын шаруаны тындырып кеткені тарихтан аян. Қазақ мәдениетінің асыл жауһарын аршып, саф күйінде ұрпаққа табыстау жолында Өзбекәлі Жәнібековке де дәл солай жан-жақты, өлшеусіз еңбек етуге тура келді.

Жетекшісі - Абдильдина Б.С.

- 1 Жәнібеков, Ө. (1982). *Қазақтың қолөнері*. Алматы: Өнер.
- 2 Жәнібеков, Ө. (1992). *Уақыт керуені*. Алматы: Жазушы.
- 3 Жәнібеков, Ө. (1996). *Тағдыр тағылымы*. 1 кітап. Алматы: Рауан.
- 4 Қабышұлы, Ғ. (2016). *Қазақтың бекзат перзенті* Өзбекәлі Жәнібеков. qazaquni.kz.
- 5 Bashirov, N., Kamzabekuly, D., Daribayev, S., Sutzhanov, S., Omarova, S. (2024). Intelligence of Kazakh: Idea of national liberation in literary works of Alash figures (XIX-XX). *Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys*, (55), 1290-1297. DOI: 10.54919/physics/55.2024.129ky0.
- 6 *Алаш миссиясының мұрагері – Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл*. https://www.inform.kz/kz/alash-missiyasynyn-murageri-ozbekali-zhanibekovtin-tuganyna-90-zhyl_a3829462.